

Мақтаарал ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 2-14-VII бірлескен шешімі және Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 10 ақпандағы № 67 қаулысы. Түркістан облысының Эділет департаментінде 2021 жылғы 17 ақпанда № 6071 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5 тармақтарына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Мақтаарал ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ауданның жер қатынастары бөлімі мен ауданның сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес шекаралары өзгертілсін:

1) 39,57 гектар жер участкесі Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі Үнталь ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 336,43 гектар;

2) 12,77 гектар жер участкесі Иіржар ауылдық округі Азат ауылының шегіне отырып, жалпы ауданы 62,85 гектар;

3) 44,80 гектар жер участкесі Жамбыл ауылдық округі Жалын ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 293,30 гектар;

4) 12,61 гектар жер участкесі Жаңажол ауылдық округі Ақжол ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 124,28 гектар;

5) 23,22 гектар жер участкесі Бірлік ауылдық округі Табысты ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 135,28 гектар;

6) 13,22 гектар жер участкесі А.Қалыбеков ауылдық округі Тұран ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 49,22 гектар;

7) 8,13 гектар жер участкесі А.Қалыбеков ауылдық округі Жаңа жол ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 166,27 гектар;

8) 15,29 гектар жер участкесі А.Қалыбеков ауылдық округі Жамбыл ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 75,02 гектар;

9) 19,75 гектар жер участкесі Мақтаарал ауылдық округі Амангелді ауылының шегіне енгізіле отырып жалпы ауданы 47,49 гектар;

10) 7,2 гектар жер участкесі Мақтаарал ауылдық округі Бақыт ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 16,40 гектар;

11) 15,45 гектар жер участкесі Иіржар ауылдық округі Шапағат ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 40,64 гектар;

12) 3,19 гектар жер участкесі Иіржар ауылдық округі С.Рахимов ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 24,06 гектар;

13) 26,35 гектар жер участкесі Иіржар ауылдық округі Азамат ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 139,41 гектар;

14) 121,03 гектар жер участкесі Жаңажол ауылдық округі Фирдауси ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 267,52 гектар;

15) 23,39 гектар жер участкесі Жаңажол ауылдық округі, Достық ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 44,86 гектар;

16) 23,24 гектар жер участкесі Жаңажол ауылдық округі Арайлы ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 113,94 гектар;

17) 22,20 гектар жер участкесі Жаңажол ауылдық округі Найман Бұқарбай ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 22,20 гектар; болып шекаралары өзгертуісін.

2. "Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Мақтаарал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы мен шешімді Мақтаарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімі

Б. Асанов

Мақтаарал аудандық мәслихаты

Б. Абилов

сессиясының төрағасы

Мақтаарал аудандық

К. Сарсекбаев

мәслихатының хатшысы